

Сені сүйем, туған жерім!



HAMELEONS.COM

опубликовано

на сайте

HAMELEONS.COM

HAMELEONS.COM



## Тарих: Қайнар бастау.



### Аңыз.

Бұл өте ертеде болған екен. Ол кезде бұл жерлерде шағын, келей ауыл болған-мыс. Ең қунарсыз, нашар жер сол ауылға бұйырған, жақын маңда мал су ішетін, тіпті адам шөлін басытын бірде-бір бұлақ болмапты. Ауыл адамдарының бар үміті аңшы Толағай еді. Ол дала кезіп, аң, құс аулап, елін асыранты. Табиғат Толағай ұлға бұлықсыған күш пен үлкен жүрек берген екен. Ол жігіттік жасқа жеткенде тек анасының ғана емес, бүкіл ауылдастарының қамқоры болуды өзіне міндет санапты. Оның ешқашан қанжығасы құр қайтқан емес. Жас батырдың білек күшіне төтеп берер аң болмапты.

Бір жылы көп жасаған қарттардың өзі бастан кешіп көрмеген құрғақшылық болыпты. Қыста қар да жаумай, жер кәрі қасқырдың терісіндей қуарып, кеуіп қалыпты. Келесі жыл да дәл осылай басталыпты. Аң-құс басқа жаққа ауып кетіпті.

Толағай қатты жабығады: ауыл тұрғындарын асырау қиындай түседі. Сонда оған анасы:

- Ұлым, мен басын бұлт шалған биік таулар бар жерге жаңбыр жауады деп естіп едім. Бізде де сондай тау болса ғой!- дейді. Батыр жігіт бірден еңсесін тіктеп:

- Қана болмаңыз, анашым. Мен сондай басын ақша бұлт көмкерген тауды алып келемін,- деп жауап береді.


Толағай Қалба тауларына кетіп, көп уақыт хабарсыз кетеді. Бірақ бір күні таңертең ұйқыдан оянган ауыл адамдары таңғажайып оқиғаға куә болады: көкжиекте тақияға ұқсайтын тау пайда болыпты. Ешкім тақия кимеген сол кезде жергілікті тұрғындар оны немен салыстырарын, неге ұқсастық білмепті. Иә, ұқсастық ізде жататын кез бе ол!

- Әкеле жатыр! - деп балалар қуанышпен айғайлады. Толағай тау әкеле жатыр! - деп балалар қуанышпен айғайлады. Толағай тау жүрген-ді.

Жарты күн өтті - тау таңертең пайда болған жерде қалды. Бастапқыда адамдар Толағай тынығып жатыр деп ойлады, сосын алаңдай бастады.

Толағай тауды ауылға дейін жеткізе алмады. Тау сол жерде қалды, ал бауырынан екі бұлақ ағып шықты - бұл өзінің бауырларына тауды жеткізіп бере алмағандығы үшін өкініп жылаған Толағайдың көз жасы еді. Сол уақыттан бастап бұл тау Толағай есімімен аталыпты.

# Хайуанаттар мен өсімдіктер дүниесі



# Дара тұлғалар: халық – біздің байлығымыз



Аухадиев  
Койгелді



Полынин  
Федор  
Петрович



Константинов  
Лаврентий  
Сергеевич



Шарабарин  
Николай  
Александрович



Авдеев  
Николай  
Дмитриевич



Фонов  
Николай  
Яковлевич



Седнев  
Серей  
Егорович




Яроцкий  
Иван  
Михайлович



Сапалов  
Иван  
Григорьевич



# Ауыл шаруашылығы



## Көкпекті вальсі

*Сөзі: Нәкен Серікбаевтікі  
Әні: Нұрлан Шапатовтікі*

Жадырап ататұғын таңы арайлы,  
Көкпекті көрікті өлке Толағайлы.  
Шығысын Қалбатаудың алып жатқан,  
Жері құт көк өзенді, көк орайлы.

Қайырмасы:

Көкпекті ауданым,  
Брысты аймағым.  
Өнерпаз ұл-қызың,  
Самғатқан арманың.  
Жарқырап жұлдызың,  
Құлпырсын аймағың.  
Өзіңе ақ тілек,  
Әнімді арнадым.

Толықсып дән өседі егісінде,  
Төрт түлік мал қаптаған өрісінде.  
Сан ұлттың өкілі бар бұл аймақта,  
Бас қосқан заманының зор ісінде.

Қайырмасы:

Көкпекті ауданым,  
Брысты аймағым.  
Өнерпаз ұл-қызың,  
Самғатқан арманың.  
Жарқырап жұлдызың,  
Құлпырсын аймағың.  
Өзіңе ақ тілек,  
Әнімді арнадым.

Уақыт ағысынан жаңаны ұғар,  
Елінің өрге өрлеген талабы бар.  
Өрісін кеңситетін өркендеумен,  
Арманға сапар алған қадамы бар.



**Назар аударғандарыңызға**

**Рахмет**